

Салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімінің 2009 жылғы 4 шілдедегі N 152-IV шешімі Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 4 тамызда N 4-6-86 тіркелді. Күші жойылды - Индер аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 191-IV шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Индер аудандық мәслихатының 2009.12.23 № 191-IV шешімімен.

Төртінші сайланған Индер аудандық мәслихатының XVII сессиясы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422 бабын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36 бабын басшылыққа ала отырып **ШЕШМ ЕТЕДІ:**

1. Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері N 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғалар үшін талондардың құны мен қызмет түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен алаңын, сондай-ақ қызметпен айналысу тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып хронометраждық қадағалау негізінде 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базаларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін талондардың құны, қызмет түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен алаңын, сондай-ақ қызметпен айналысу тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып хронометраждық қадағалау негізінде N 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

N	Қызмет түрлері	Талонның құны
1	Газет және журналдар сату	30
2	Тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшет), бақша дақылдарын сату	50
3	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	100
4	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	50
5	Жем сату	500
6	Балық сату	80
7	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	200
8	Үй жануарларын бағу	200

Индер аудандық мәслихатының
2009 жылғы 4 шілдедегі
XVII сессиясының N 152-IV
шешіміне N 3 қосымша

Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базаларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін талондардың құны:

№	Қызмет түрлері	Талонның құны
1	Ойыншық, сувенир сату	40
2	Парфюмерия, косметика сату	60
3	Киімдер мен аяқ-киім сату	60
4	Шаруашылық тауарлары, ыдыс-аяқ, хрусталь сату	40
5	Кеңсе бұйымдарын сату	50
6	Ұсақ-түйек заттар мен тағамдар	30
7	Ет сату	120
8	Жеміс-жидек, көкөніс сату	50
9	Сүт және сүт өнімдерін сату	50
10	Өндірістік және азық-түлік өнімдерін сату	70
11	Аяқ киім жөндеу	50
12	Киім тігу	50
13	Жеке көлікпен қызмет көрсету	100
14	Үй жиһаздарын сату	200

